

ЦИТАТА ДНЯ

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ

ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ
АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»:

« ПРИБОРИТ-
НАЯ И ОСНОВ-
НАЯ ЗАДАЧА
КОМПАНИИ – ЭТО
МОДЕРНИЗАЦИЯ СУ-
ЩЕСТВУЮЩЕЙ ИНФ-
РАСТРУКТУРЫ, КАК
НЕПРЕМЕННОЕ УСЛО-
ВИЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ
БЕЗОПАСНОСТИ ДВИ-
ЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ И
КОНКУРЕНТОСПОСБ-
НОСТИ МЕЖДУНАРОД-
НЫХ МАРШРУТОВ »

БЕЗОПАСНОСТЬ

О ПРОФИЛАКТИКЕ
НАЕЗДОВ

За 10 месяцев этого года в пределах станций Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок не было допущено наездов на людей, скот и автотранспорт.

Для предотвращения наездов, по данным главного специалиста службы безопасности движения Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок Самал Нармукушевой, было проведено 300 бесед, на которых присутствовали свыше трех тысяч человек.

В учебных заведениях тех населенных пунктов, которые находятся близко к железной дороге, прошли 220 бесед. В них приняли участие 4406 учащихся. Совместно с представителями ЛОВД, военизированной железнодорожной охраны мы провели 291 рейд, – отметила она. При этом выявлено 85 нарушений. К настоящему моменту на станциях обновили 193 предупреждающих знака и аншлаги.

К слову, в 2018 году произошло два наезда на людей в пределах станций Оскемен-1 и Иртышский завод, но в обоих случаях пострадавшие находились в состоянии алкогольного опьянения. В прошлом году для сокращения случаев наезда на станционных путей среди местного населения станций работники НОДПП-5 провели 261 беседу с охватом около 3,3 тысячи человек. В учебных заведениях прошло 195 встреч с охватом около 4,5 тысячи учащихся. Помимо разъяснительной работы в прессе, движению провели 279 совместных рейдов с представителями ВЖДО и сотрудниками ЛОВД, выявив 46 нарушений.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

СЕРИКТЕСТІК



ЖОЛ КАРТАСЫНА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Кеше, 11 қараша күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Трансмашхолдинг» АҚ және «ЛокоТех-Сигнал» ЖШҚ «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы мен «Трансмашхолдинг» АҚ Компаниялар тобының Инновациялық-технологиялық дамуына бағытталған бірлескен жобалардың Жол картасына қол қойды.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Аталған құжатқа Ұлттық компания атынан «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы директоры – Бас инженері Б. Қотырев, «Трансмашхолдинг» АҚ-ның Техникалық директоры М.Рожков және «ЛокоТех-Сигнал» ЖШҚ бас директоры А.Романчиков қол қойды.

«Бүгін біз қол қойған Жол картасына темір жол көлігін цифрландыру бойынша даму кезеңіне енген инновациялық жобалар кіріп отыр. Сонымен қатар борттық қауіпсіздік жүйелері, микропроцессорлық қауіпсіздік жүйелері, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйелері,

теміржол автоматикасы жүйелері дамытуға арналған жобалар енген. Бұл жұмыстар тау жылылары жүзеге асады. Бір жобалар тәжірибелік пайдаланудан өтіп жатса, екіншілері даму кезеңіне бастан кешіп жатыр. Яғни, олардың «өмір сүруге» қабілеттілігі тексеруден өтті. Мысалы, өткелдердегі қауіпсіздік жобасына келсек, бұл қандай да бір жаңа өткел емес, бұрыннан келе жатқан өткелдің қауіпсіздігін жақсарту болмақ, бұл жобаға «ЛокоТех-Сигнал» ЖШҚ қатысып отыр. Олар Шербинкада өткен көрмеде осы мәселеге қатысты жаңа инновациялық шешімдерін көрсетіп, біздің қызығушылығымызды тудырған

болатын. Өткел мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселе қатарынан. Сондықтан біз қауіпсіздікті сақтау бағытындағы жобаларды дамытуға соңғы инновациялық жобаларды жасап жатқан сенімді серіктестерімізбен жұмыс жасаудамыз», – деп атап өтті Батыр Қотырев.

Сонымен Жол картасы қандай жобаларды қарастырады деген мәселеге терең үнісек, ол инновациялық-технологиялық дамуға, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін және тасымалдау үдерісі технологиясының тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларды жүзеге асыруға негізделген. Сонымен қатар жыл-

жымалы құрамға инновациялық-технологиялық жүйелерді енгізуге, оларды әзірлеуге және сынақтан өткізуге бағытталған шаралар кешенін қосып отыр.

Техникалық саясат және реттеу департаменті мамандарының сөзіне сүйенсек, Жол картасы аясындағы шаралар логикасы бірнәрсені «электрондық картаны» енгізу арқылы борттық локомотив жүйелерін интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланған. Бұл өз кезегінде, пойыздарды автожүргізу және қауіпсіздік жүйелерінің бірыңғай архитектурасын құруға мүмкіндік бермек. Бұдан бөлек, Жол картасымен «МПЦ-С» микропроцессорлық орталықтандыруды енгізу және өтпелік белгі беру жүйелерін автоматтандыру жұмыстары қарастырылған. Бұл шаралар да жоғарыда айтып өткеніміздей, пойыздар қозғалыс қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ықпал етпек.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ИТОГИ

ПОДГОТОВИЛИ НА СОВЕСТЬ

В эксплуатационных локомотивных депо АО «НК «ҚТЖ» закончили работы по подготовке тягового подвижного состава к эксплуатации в зимних условиях.

Роман ЛЮБИМОВ

До наступления первых морозов железнодорожники проверяют техническое, противопожарное и эстетическое состояние локомотивов. В осеннем комиссионном осмотре локомотивного комплекса участвовали эксплуатационные, ремонтные депо и сервисные компании. Перед ними поставлена задача – качественно подготовить локомотивы к работе в холода, поскольку от этого зависит надежность техники и безопасность движения на железной дороге.

Процесс подготовки железнодорожной техники к зиме имеет свою специфику и начинается заблаговременно. Так, для успешной эксплуатации локомотивов железнодорожники

провели смазку основных узлов и механизмов локомотивов, диагностику предпусковых подогревателей и выполнили ряд других работ. – Все необходимые мероприятия по подготовке к зиме завершены. В этот период мы не ожидаем непредвиденных неприятных сюрпризов, – отметил заместитель начальника по производству столичного эксплуатационного локомотивного депо Дастан Елеусизов.

Делается все для того, чтобы обеспечить стабильную работу в холода локомотивным бригадам. Для них проводятся технические занятия по подготовке, обслуживанию и эксплуатации тепловозов и электровозов в зимних условиях. Новые сотрудники, или первозимники, в этом году впервые испытывают особенности ра-



боты локомотивного хозяйства в условиях резкоконтинентальной зимы. За ними закреплены опытные наставники. В плановом порядке работники обеспечиваются зимней спецодеждой.

Кроме того, к работе в особых климатических условиях в депо готовят вибропантографы – оборудование для борьбы с обледенением контактного провода на электроподвижном составе.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖАҢА ЖОБА

МОБИЛЬДІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КЕШЕН – САПА КЕПІЛІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басымдық беретін негізгі міндет – пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін және халықаралық бағдардағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту. Осыған орай биыл мамыр айынан бастап Ұлттық компанияда АСУ «Магистраль» шеңберінде енгізілген «Мобильді диагностикалық кешендер» KTZ.10.02.P жобасы қандай тиімділік беруде?

Райхан РАХМЕТОВА

Еңбек өнімділігін арттырып, қауіпсіздік пен сенімділікті күшейтуге бағытталған жоба іске қосылғалы бергі жұмыстар туралы өткен аптада ұлттық компанияда ұйымдастырылған ақпараттық күнде «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің айтуынша, биыл енгізілген 4 МДК-нің жұмысы бойынша алғашқы нәтижелер бар. Жаңа мобильді диагностикалық кешен – жетілдірілген және жаңғыртылған түрі бойынша бақылаудың жұмыс жылдамдығын 90 км/сағатқа дейін

арттыра отырып, бір көлік құралында түрлі максаттарда орналастырылған диагностикалық кешен.

– Ең бастысы, біздің ақауапқыш мамандар қауіпті аймақта жұмыс істеу тәуекелінен құтылды. Жыл сайын түрлі жағдайда жарақат алу фактілері болып жатады, себебі ондай мамандар жұмыс істейтін жерлер аса қауіпті. Сондықтан осындай диагностикалық кешендерді енгізу жер төсеміне, рельске қатысты барлық кемшіліктерді, осал тұстарды қиындықсыз анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әлсіз жерлерді алдын ала анықтап, профилактикалық жұмыстарды жандандыруға мүмкіндік береді, – деді Қ.Әлмағамбетов.

Бұл жүйе сонымен қатар күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған телимдерді тексеріп, қай нүктеге баса назар аударту керектігін

анықтап береді. Кешен іске қосылғалы бері анықталған талдау нәтижелері анықталған кемшіліктердің қайталануы, олардың себептері қандай болуы мүмкін екендігін көрсетіп берген. Мүмкін жолдың құрамдас бір бөлігін ауыстыру керек шығар, әлде технологиялық сипатта кемшіліктер бар ма? Немесе бекітілген тазығы жеткен бе? Бол-маса теміржолшылардың салғырттығы себеп болды ма? Мобильді кешен соның бәрін әр адамның соңынан жүрмей-ақ анықтап береді.

Б.Орынбасаров аталған жоба бойынша теміржолшылар бүгінде 3 бағытта жұмыс жүргізіп жатқанын жеткізді. Біріншісі, заңдық тұрғысы, яғни нормативтік-техникалық құжаттама жұмыстары, солардың негізінде диагностикалау, мониторинг жүргізу жүйесінің қызметі жүзеге асырылады.

– Бұл біз үшін жаңа жоба, сондықтан

құжаттама бойынша көрші Ресей теміржолына барып тәжірибе алмасып, олардың бұл жобаны қалай жүзеге асырып жатқанына куә болуды жоспарлап отырмыз, – деді ол.

Екінші бағыты – диагностикалық инструментальді базасы. Ол нысандардың жағдайына керекті көлемде тікелей бақылау жасайтын көпфункционалды мобильді құрал. Үшінші бағыт – ақпараттық талдаудың ішкі жүйесі, жинақтау, дәйектілікті қадағалау, барлық жөндеу түрлері бойынша жоспарлауға қажет терең талдау.

Сонымен алғашқы нәтижелер туралы айтар болсақ, 3 МДК жұмысының қорытындысында биыл 2 мамырдан бастап 73 мың км жол тексерілген. Биыл 1 қарашадағы жағдай бойынша 1699 км жолға қанағаттанарлық емес баға берілген, соның 369 шақырымында пойыздар қозғалыс жабылған. Нормативтен тыс түйіспе санылаулар 158 жерден табылса, онда да қозғалыс тоқтатылған. Сонымен қатар 217 өткір ақаулы рельс анықталып отыр. Тағы бір айта кетерлігі – 3Д сканерлеудің нәтижесінде 229 габаритті емес жер анықталған. Оған қоса 17106 метр жолда осыған арасында 95 габаритті емес қашықтықтары бар телимдер табылған.

(Соңы 2 бетте)

СОТРУДНИЧЕСТВО

СТАЛИ ПАРТНЕРАМИ

Руководство порта Курык договорилось о партнерских отношениях с участниками Ассоциации национальных экспедиторов Республики Казахстан (АНЭК) и Казахстанской ассоциации перевозчиков и операторов вагонов (контейнеров) (КазАПО). Соответствующие меморандумы о сотрудничестве подписали представители морской каспийской гавани и руководители транспортных объединений в ходе состоявшейся в Алматы встречи и презентации возможностей порта Курык.

Представители порта Курык рассказали о деятельности паромного комплекса, его потенциале и планах по дальнейшему развитию, а также о возможностях по привлечению инвестиций.

Паромный комплекс был запущен в 2016 году и производит паромную перевалку железнодорожных и автомобильных грузов, зерна, нефтепродуктов, удобрений, химикатов и других видов грузов. В настоящее время он работает с сообщениями Ирана, Азербайджана, Грузии, Турции и Румынии и зарекомендовал себя как значительный игрок в акватории Каспия. Совокупная мощность паромного комплекса составляет приблизительно 6,1 миллиона тонн в год.

– За 2018 год осуществлена перевалка порядка 1,7 миллиона тонн грузов. Автомобильная составляющая в этом году показывает рост порядка 600% по еврофурам. Для этого мы проводили поэтапную работу, ориентировали клиентов, привлекали сервисом. В целом Казахстан за годы независимости проявил себя как страна, через которую хочется ездить и с которой работать, – подчеркнул исполнительный директор по маркетингу и логистике ТОО «Порт Курык» Алибек Утегенов.

Он также констатировал, что в этом квартале железнодорожная составляющая начала работать бесперебойно. Время в пути между портом Курык и Алят сократилось на 4 часа и сейчас составляет около 18 часов.

– Встреча с представителями порта Курык дала возможность экспедиторским компаниям озвучить имеющиеся вопросы по оформлению транзитных грузов и получить ответы от руководства порта о путях их решения. Подписанные меморандумы будут способствовать дальнейшему плодотворному сотрудничеству, налаживанию тесных связей с перевозчиками грузов и вовлечению порта Курык в сферу международных железнодорожных и автомобильных транспортных перевозок, – подчеркнул генеральный директор АНЭК Мухамбет Сабетов.

Как отмечается в меморандуме, он направлен на установление партнерских отношений и взаимовыгодного сотрудничества, увеличение грузооборота по морским портам, возможность использования усовершенствованных процедур обработки и перемещения грузов.

– Мы будем взаимно содействовать организации совместных производственных и бизнес-проектов, при реализации которых предполагается перемещение дополнительных грузов, – отметила генеральный директор КазАПО Салтанат Адамбаева.

Ирина БЕКТИЯРОВА,
Алматы

БҮГІНГІ САҢ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ
9 АЙЫНДА ТРАНЗИТТІК
ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

12,2 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАҒАН.

АҚПАРАТ

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛДЫ



Қозғалыс қауіпсіздігі ережесінің бұзылуына жол бермеген өткел кезекшісі Асқар Еркекешовтің қырағы әрекеті апаттың алдын алды.

Жуырда Ақтөбедегі магистральдық желі бөлімшесінде қозғалып бара жатқан №3508 жүк пойызы вагонынан кемшілікті анықтаған өткел кезекшісімен кездесу өтіп, тәжірибелі маманға құрмет көрсетілді.

Оқиға 15 қазанда күзетке алынған өткелде болған. №38 разьездің 1753 шақырымында №3508 жүк пойызы тоқтатылды. Өткел кезекшісі пойызды шығарып салып тұрған кезінде 37 вагоннан түгін шығып бара жатқанын көрген. Жағдайды бірден разьезд кезекшісіне хабарлап, пойыз тоқтатылып, ағытуға ұсыныс берілді.

«Өр бөлімшеде қозғалыс қауіпсіздігіне үлкен көңіл бөлінеді. Жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету кезінде вагон қараушылар доңғалақтағы қауіпті жарықшақты, вагон тіркемесіндегі құйма құрылығның ақауын анықтады. Жылжымалы құрам үздіксіз қозғалыста болғандықтан қауіпсіздікті үнемі бақылауда ұстап отырамыз. Өткел кезекшісінің ақауды анықтауы бір бұл емес. Осындай мамандарымызға алғысымызды айтып, ынтылдандырып отыру – парызымыз», – деді Магистральдық желі бөлімшесінің директоры Серғали Жайлаубай.

Өткел кезекшісінің Алғыс хатпен марапаттап, бағалы сыйлық табыс еткен басшылық жоғары жаққа наградаға ұсынуға ұсыныс жіберді.

Мамандар пікірінше, егер ақау дер кезінде анықталса, деңгелек қозғалмай қызып, рельсті сындырып жіберуі немесе өзі санып, вагонның аударылып кетуі әбден мүмкін еді.

Ақауды анықтаған өткел кезекшісі Асқар Еркекешовтің теміржолда 26 жылдан бері еңбек етіп келеді. «Қауіпсіздік – біз үшін басты талап. Қозғалып бара жатқан жүк вагонынан вагоннан түгін шығып жатқанын байқап, бірден хабар бердім. Марапат алғаным емес, алдымен қауіпсіздікке үлес қосып, апаттың алдын алғанымна қуаныштымын», – деді 52 жастағы маман. Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе Суретті түсірген автор

АРНАЙЫ ОҚЫТЫЛДЫ

«Нұрлы жол» вокзал кешенінің қызметкерлері төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету бойынша азаматтық қорғаныс саласында арнайы оқытылды.

Нұр-Сұлтан қаласының төтенше жағдайлар департаментінің мамандарынан осы бағытта өзге де мекемелермен қатар теміржолшылар да білім алуда. Әзірге вокзалдың 11 қызметкері төтенше жағдай салдарынан болатын көшіру, апатты жою және зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқу курсын өтті. Енді жыл соңына дейін тағы 36 вокзал қызметкері осы курстан бармақ.

«Нұрлы жол» вокзалы – елімізде көлемі аса ауқымды, әрі заманауи бағытта салынған стратегиялық нысан. Халық көп шоғырланатын орын болғандықтан төтенше жағдай бола қалған жағдайда біздің қызметкерлер бәріне дайын болуы керек. Осы мақсатта аталған үш күндік курста олар өрт қауіпсіздігі, ТЖ-дың психологиялық қырлары, азаматтық қорғаныс саласында білім алып, соңында сынақ тапсырып, алған білімдерін пысықтайды, – дейді вокзал кешені техникалық бөлімінің бас маманы Жаннұр Шайхина. Ұлан ОРАЗ

ВАГОНДАР КІДІРІСІ АЗАЙҒАН

Үстіміздегі жылдың тоғыз айында Балқаш станциясынан жоспарлы 7250 вагонның орнына 12160 вагонға жүк тиеліп, 167,7% межени бағындырған. Тоннаға шаққандағы көрсеткіш 218723 бірлікке артық орындалып, 173,2% құраған.

Статистикалық жүктеменің де шамадан тыс орындалғаны байқалады. Ал, жүк тиелімінің вагонға шаққандағы көрсеткішінің өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 2640 вагонға, 167656 тоннаға аз болып отыр екен. Мұны станция қызметкерлері күкірт қышқылы цехындағы пештің жөндеуге жабылуына байланысты жүк тиелімінің азайғанымен түсіндіріп отыр.

Жүк түсіріліміне келсек, жоспардың орындалуы биыл 103% құраса, өткен жылмен салыстырғанда 111% асып жығылған. Яғни, жыл басынан бергі тоғыз ай ішінде 68451 вагоннан жүк түсірілген. Көтеріңкі көрсеткіштерді жүк операцияларына вагондарды бергенге дейін жұмыссыз тұрған уақытынан, жүк операциялары кезінде және жөнелтуді күтіп тұрған уақыттарынан да көруге болады. Бұл жерде атап өтеріміз – уақыт көрсеткіштерінің едәуір қысқартылуы. Айталық, жергілікті вагонның кідірісі 8,14 сағатқа қысқарып, тапсырма 141% орындалған. Өткен жылмен салыстырғанда да бұл көрсеткіштің орындалуы 124% құраған. Жүк операциясы кезінде де вагонның тоқтап тұруы 8,53 сағатқа қысқарып, жоспар 144% орындалған.

Өңделмейтін транзиттік вагонның және өңдеуді қажет еткен транзиттік вагонның да аялдап тұру уақыты мейлінше қысқарып, жоспар көрсеткіштері 127 және 110%-терді құраған. Осы ретте, вагондар кідірісінің азаюы өз кезегінде вагон айналымының жақсаруына әкеліпті. Жоспардың орындалуы 110%. Әрине, жоспарлы тапсырмалардың тиянақты және межесінен асыра орындалуы бірінші кезекте станция қызметкерлерінің жұмысты ұтымды ұйымдастыра білуінен екені даусыз. Ислам ТАЛҒАТ

ЖАҢА ЖОБА

МОБИЛЬДІ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КЕШЕН – САПА КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 1 бетте)

– Келесі жылдан бастап МДК телімдерге бекітіп, айына екі реттен жолға кешенді диагностика жүргізу жоспарланып отыр. Осы кешен жұмысының нәтижесінде жол жағдайының өзгеруіне мониторинг жүргізіліп, өткізілетін түрлі жөндеу жұмыстары бағаланады. Сондықтан МДК мәліметтерін негізге ала отырып, басымдық беретін міндеттеріңізді дұрыс құруға, қысқамерзімді және перспективалы жөндеуді жоспарлау үшін жұмыс көлемін дұрыс бөлуге, темір жолдың тұрақты жұмысты қамтамасыз ету үшін жөндеу жұмыстарының технологиясын сақтауға шақырамын, – деді Б.Орынбасаров.

Аталған жоба шеңберінде жол шаруашылығының жаңа бір жүйесіне көшу көзделіп отыр. МДК жүйесін пайдалану арқылы қос жолды алмалы-салмалы ақауапқыштар жұмысының көлемі азайтылмақ. Осылайша, алдағы үш жыл ішінде ақауапқыш арбалар операторларының штатын кезек-кезеңімен оңтайландыру жоспарланып отыр екен. Шараға қатысқан компанияның «Жолды диагностика орталығы» филиалы директоры Аслан Ақашевтің айтуынша, аталған жоба аясында мамандар дайындау мақсатында биыл 21-25 қазан аралығында 48 адам оқытылған. Қараша айында тағы 50 адамды оқыту көзделуде. Алдағы уақытта жолдың іс жүзіндегі жағдайы бойынша жөндеуге көшу үшін МДК және оқытылған мамандар арқасында 5 кезеңнен тұратын жұмыс жүргізу көзделуде. Бірінші кезең – жылдың



соңына дейін кешеннің тағы үшеуін іске қосу және барлығы 7 кешен арқылы айына екі рет кешенді диагностика жүргізу. Екіншісі – ағымдағы нормативтік-техникалық құжаттарға өзгерістер енгізу. Үшінші кезең – рельстер мен маякты шпалдардың, қысық жол телімдерін, шақырымдық белгілердің техникалық жағдайын паспорттауды енгізу көзделуде. Бұл телімдерде жолдың нақты техникалық сипаттамасы мен

узақтығын анықтау үшін керек. Төртінші кезеңде 2021 жыл бойынша жолдың нақты іс жүзіндегі жағдайынан жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлау үшін мониторинг жүргізіп, мәліметтер жинақтау. Соңғы кезеңде 2023 жылдан бастап жолдың нақты жағдайы туралы мәліметтер жиналып, жөндеу жұмыстарының керекті көлемін жоспарлау мүмкіндігі туады деп жоспарланған. Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

КӨКЕЙКЕСТІ

БІЗДІ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҰР?

Жуырда Семей ЖТ бөлімшесінде кәсіби саладағы жаңашыл шаралар жайлы мол мағлұмат берген мән-маңыздылығы жоғары жиын болып өтті. Ұлттық компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Тоты Жакупова мен аталмыш департаменттің HR бизнес-серіктесі Эльмира Ахметова жергілікті теміржолшыларға келер жылдан бастап жүзеге асырылатын өзгерістер жайлы түсінік берді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Олар бүгінгі таңдағы ұлттық компанияның адами ресурстар бойынша алға қойған мақсатты шаралар қатарына тоқтала келе, кәсіби қызметтегі бірқатар мәселелер жайында кеңінен түсінік берді. Атап айтсақ, зейнеткерлікке шығу мен сыйақы төлеу жайында жан-жақты сөз қозғалды. Сонымен қатар кадрлық резерв пен электронды түрде оқыту, тұрмыстық сипаттағы жемқорлық фактілеріне жол бермеу мәселесі де әңгіме болды.

«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ еліміздегі ең ірі жұмыс беруші компания болғандықтан жалақы төлеу және еңбек өнімділігі мәселелеріне кеңінен көңіл бөліп отырғанын алға тартқан Тоты Серікқызы бұл ретте жалақы қорының бүгінгі жай-күйі және де аутсорсинг бағдарламасы аясындағы атқарылар шаралар жайында айтып берді. Аталмыш тақырыптарды арнайы слайд түрінде түсіндіріп өтіп, ұлттық компанияның оңтайластыру арқылы техникалық процестерге екіпін алды-ру бағытындағы шараларына да ықшам түрде шолу жасады. Жиынға қатысушылардың басым көпшілігі мекемелердегі кадр қызметкерлері мен экономика саласының мамандары болғандықтан негізгі тақырып ауаны осы тараптан өрбіді. Бұл ретте құжат ресмидаудегі өзгерістер жайында сөз еткен



елордалық меймандар жергілікті сала қызметкерлеріне түпымды кеңес беріп, пікір-уәждеріне де құлақ түрді. Мәселен, 1-ші қарашадан бастап еліміз бойынша тұрғылықты мекен-жай анықтамасының қағаз түрінде өткізу тәртібі күшін жоюы кадр жұмысына біршама қиындықтар туғызған. Оған шалғайдағы жол айрықтары мен шағын станцияларда

ғаламтор желісінің болмауы қосымша күрделілік туғырып отыр екен.

Десек те, басқосудағы басты тақырыптардың бірі бөлімше бойынша орын алуы мүмкін оңтайластыру шарасы турасында болды. Бөлімше бастығы Марлен Көкрекбаев кейбір мамандықтардың орнын электронды қызмет пен автоматизацияның ауыстыруы оңтайластыруға алып келіп отырғаны жөнінде айтып өтіп, аталмыш мәселенің қызметкерлер үшін ауырлықсыз өтуі мақсатында бірқатар алғышарттар жасалып жатқанын алға тартты. Атап айтқанда, негізінен зейнеткерлікке шыққан теміржолшылар атқаратын кейбір мамандықтарды жабу арқылы оңтайластыруды орайлы өткізу көзделіп отырғанын жеткізді.

Сонымен қатар, компанияда аталмыш мәселе аясында қысқартуға түскен қызметкерлерге арналған бірқатар жоспарлы шаралар жүзеге асырылатыны да сөз болды. Атап айтсақ, зейнетке ерте шығу бағдарламасы жасалып, ережесі бекітілген. Яғни, жасы зейнеткерлікке 5 жыл қалған маман оған үміткер бола алады екен. Осы ретте нұр-сұлтандық мамандар оны рәсімдеу жолдары мен алу тәртібі туралы кеңінен мағлұмат беріп өтті. Бұл сауал қатысушылардың қызығушылығын туғызып, жиын барысында кеңінен талқылауға түсті.

Басқосу барысында көпшілік меймандарға көптеген сауалдар қойып, қанағаттанарлық жауап ала алды.

Суретті түсірген автор

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ҚОРҒАСЫНДА ҚАУІПСІЗДІК САҚТАЛСЫН ДЕСЕК...

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Қорғасын станциясы – халық жиі шоғырланған жерге жақын орналасқан ірі бекеттердің бірі. Бұл станция үшін бір жағынан тиімді болса, екінші жағынан қауіпсіз де емес. Себебі, теміржолда адам қағып кету, мал басу фактілері жиі орын алып жатады.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

Сондықтан, станцияның қауіпсіздігіне қатер төндіріп отырған мәселе аймақ теміржолшыларын жиі алаңдатады. Қайғылы жағдай мен келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында барлық шара қолға алынып, ай сайын айлық жарияланып жатса да, өкінішке қарай, жергілікті тұрғындар жеткілікті мән бермейтіні қынжылтады. Станцияның бас жолдарындағы кейбір өткелдерде қоршау болмағандықтан шұғыл тежеулер де жиі болып тұрады екен.

Бұған Шымкент жол дистанциясының мамандары берген мына анықтама да дәлел болмақ. Жолшылар Қорғасын-Шымкент станциясындағы 3283, 3284, 3285, 3286, 3287, 3288 км арақашықтығындағы учаскелерді өте қауіпті телім қатарына жатқызады. Шымкент бөлімшесі бойынша тоғыз айдағы қауіпсіздік есебіне тоқталар болсақ, жыл басынан бері 14 қауіпсіздікті бұзушылық жағдайы орын алған, оның ішінде 2 оқиға, 12 инцидент тіркелген. Өткен жылы дәл осы уақытта 1 оқиға, 14 инцидент болған екен.

Станция басшысы Серғазы Сайрамбаевтың айтуынша, әр теміржолшының өз міндетін орындау барысы тұрақты түрде қадағаланады. «Біз станция қызметкерлерінің өз міндетін жауапты әрі мұқият орындауын үнемі қатаң қадағалап тұрамыз. Әсіресе жұмысқа жанадан тұрған, еңбек өтіліне әлі бір жыл тола қоймаған жастарға ерекше көңіл бөлеміз. Егер



бір бұзушылықты анықтаған жағдайда түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қажет болса жеке техникалық оқу-жаттығуларын үйретеміз. Жұмысшылардың өз міндетін мүлтіксіз атқарып қана қоймай, олардың білім деңгейін көтеріп тұрудың да қауіпсіздіктің сақтауына әсері зор. Өйткені, өзіңді білесің, Қорғасын станциясы халыққа жақын орналасқандықтан қауіпті жағдайлардың жиі орын алып жататыны жасырын емес. Осыны болдырмау үшін біз әрбір қызметкеріміздің білікті болуына мүдделіміз. Сондай-ақ, ай сайын бекітілген жоспарға сәйкес мамандықтары бойынша жұмысшыларға арнайы екі рет техникалық дәріс өткіземіз», – дейді станция бастығы. Станция басшылығы жергілікті тұрғындармен жиі кездесу өткізіп, станция арқылы өтетін жолдарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатады. Теміржолдың қауіпті аймақ екенін, азаматтардың өмірі үшін қатер төндіретінін ескертіп, жадынамалар таратылады. Сонымен қатар, шойын жолдарға бөгде заттар қалдырып кету де аса қауіпті. Оның салдарынан жолдар бұзылып, пойыз қозғалысы мен адамдардың өмірін қауіп төнуі де мүмкін екені балаларға қайта-қайта ескертіліп жатады. Сөйте тұра, елді мекеннің тым жақын орналасуы

– Қорғасынның қауіпсіздігіне қатер төндіретін басты фактор болып қалып отыр.

Жалпы, Қорғасын станциясында 25 адам жұмыс істейді. 2011 жылы станцияның тауар кеңсесіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ғимаратты жақсартып, еңбекке қолайлы жағдай жасаған. Аталған станциядан орта есеппен тәулігіне 3-4 поезд келіп-кетіп жатады. Станцияда 4 негізгі жол мен 6 кірме жол бар, оның біреуінде қауіпті жүктер түсіріледі, ауысыммен 1 маневр тепловозы жұмыс істейді.

Қорғасын станциясының тоғыз айдағы көрсеткішіне тоқтала кетсек, 219 вагон жүк тиеліп, 3434 вагон жүк түсіріліпті. Ал вагон айналымы 3653 вагонға жетіп, әрқайсысынан түскен табыс 13443,5 теңгені құраған. Қазіргі таңда станцияда АСУ ДҚР бағдарламасы толық көлемде игерілген, оның жұмысына ешқандай ескертпе, шағымдар жоқ. Бұл бағдарламаның тиімділігі сол, вагон парақшасын бұрынғыдай қаптаған қағаздармен толтырмай, құжатты электронды түрде рәсімдейді. Бұл өз кезегінде жүктер мен багажды қабылдап алудың жұмысын әлдеқайда жеңілдеткен. Станция жұмысшылары арнайы қыстық кийілдермен, басқа да жұмыс барысына қажетті керек-жарақпен толықтай қамтамасыз етілген.

Суретті түсірген автор

В ТРУДОВОМ РИТМЕ

ЕДИНЫМ КОМПЛЕКСОМ



На всех этапах своего развития Алматинское отделение грузовых перевозок решало и решает задачи повышенной сложности, четко координируя вопросы перевозочного процесса в южной столице и за ее пределами.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Ежедневно ведется контроль над выполнением графика движения поездов под руководством квалифицированного диспетчерского управления, исключая простой готовых поездов в ожидании локомотивов. Все усилия специалистов направлены на повышение участковой и технической скорости, на обеспечение бесперебойного следования вагонопотока через технические станции и переходные пункты между отделениями.

Алматинское отделение ГП расположено на территории Алматинской области, проходит по Жамбылской и Восточно-Казахстанской областям и имеет пять железнодорожных стыков: с Карагандинским отделением ГП – станция Саяк,

Жамбылским – станция Отар, Семейским – Ақтоғай и с Китайской железной дорогой – станция Достык и Атынколь.

Основную долю погрузки составляют импорт, продовольственные товары, строительные, зерно, лом черного металла, руда цветная, остальные сборные грузы и нефтепродукты. По итогам работы за 9 месяцев текущего года грузооборот выполнен на 101,3%, погрузка – на 104, техническая скорость – на 100,9%.

Для обеспечения расформирования составов станции Алматы-1, Алматы-2, Ақтоғай, Уштобе и Достык оборудованы горючими сортировочными устройствами. Стоит отметить, что объем грузооборотом контейнерными поездами сообщением Китай – Европа – Китай превысил прошлогодний уровень и динамически вырос.

Только с начала текущего года проследовало 3104 контейнерных поездов. Это позволило укрепить торгово-экономические связи, создать платформы и возможности для развития сухопутного транспорта между Китаем и Западной Европой через территорию Казахстана.

В отделении разработаны мероприятия по улучшению эксплуатационной работы, по использованию полувагонов, обеспечению регулировочного задания по сдаче порожних полувагонов, своевременной подаче, уборке вагонов под погрузку и выгрузку, развозу местного груза, установлен строгий контроль за своевременной сдачей маршрутных листов машиниста в пунктах основных и оборотных депо. Планируется дополнительно формировать и отправлять полнотоннажные и полновесные поезда.

Кроме того, необходимо обеспечить минимальные затраты времени на расформирование, формирование, подачу на подъездные пути груженных вагонов под выгрузку или порожних вагонов под погрузку, уборку с подъездных путей, накопление и обработку вагонов на станционных путях и их отправление. Усилия работников направлены на выполнение плана участковой и технической скорости за счет обеспечения скорости следования поездов после выполнения капитального ремонта пути на участках не менее 60 км/час и добиться уменьшения предупредений.

Преимуществом поколений является одной из самых важных аспектов в жизни отделения, поскольку благодаря ей оберегается прошлое, определяется вектор дальнейшего развития. 70% составляет молодежь, знающая и понимающая принципы работы железнодорожного транспорта.

– Главные задачи отделения – сохранение дееспособности, эффективности, безопасности и надежности перевозок, обеспечение социальной защищенности работников, сохранение кадрового потенциала, клиентоориентированность и прозрачность, использование новейших передовых технологий управления. Работать как надежная команда единого управленческого и производственного комплекса, – говорит директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.

